

А.Қ. Қожахмет¹ , Л.М. Хусаинова² 

¹Ш. Айманов атындағы №20 орта мектеп, Астана, Қазақстан

²М. Акмулла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университеті,
Уфа, Башқұртстан

(E-mail: ¹a_kozhakhmet@mail.ru, ²lejla-kh@yandex.ru)

Ғылыми мәтін кеңістігіндегі әлем бейнесі

Аңдатпа. Мақала ғылыми мәтін кеңістігіндегі әлем бейнесін анықтауға бағытталып жазылды. Қазіргі таңда ғылыми мәтіннің ғылым тілі мен ғылыми білімді дамыту жолында маңызы зор. Әлемнің ғылыми бейнесінің негізінде әлем бейнесі, әлемнің тілдік бейнесі тұрғаны анық. Себебі әлем көбіне тіл арқылы түсіндіріледі. Соған сәйкес ғылым да тіл арқылы түсіндіріледі. Ғылым сан салалы болғанымен, әртүрлі тілде жазылып, әртүрлі ұлтқа тиесілі болады. Тіл ғылымды жаңадандырады, тіл ғылымды түсіндіреді. Бұл мақалада ғылыми мәтін әлемнің ғылыми бейнесі, әлем бейнесі, әлемнің тілдік бейнесі ұғымдарымен байланыста қарастырылып, «әлем бейнесі – әлемнің тілдік бейнесі – әлемнің ғылыми бейнесі» жүйесі арқылы түсіндірілді. Мақалада А.Байтұрсынұлының «Тіл - құрал» оқулығының «Сөйлем жүйесі мен түрлері» атты үшінші кітабындағы мәтіндері тілдік дерек ретінде қолданылды. Аталған еңбектегі әлемнің ғылыми бейнесі автордың тілдік және аялық білімі, танымдық ерекшелігі арқылы талданды. Ғылыми мәтіндегі ғылыми ақпаратты жеткізуші тілдік бірліктер (терминдер, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, әдеби сөздер) танымдық, стильдік және прагматикалық тұрғыда талданып, ғылыми мәтін кеңістігіндегі әлем бейнесін анықтауда пайдаланылды. «Тіл-құралдың» «Сөйлем жүйесі мен түрлері» кітабындағы ғылыми терминдер жинақталып, «Қазақ грамматикасындағы» терминдермен салыстырылды. Ғылыми мәтіннің ерекшелігі ретінде терминдер, анықтамалар көрсетілді. Мақал-мәтелдердің ғылыми мәтіндегі орны туралы талдаулар жасалды. Тілдегі ұлт бейнесі тілдік деректер арқылы түсіндіріліп, ғылым тілі ұлт тілімен сабақтастырылды.

Түйін сөздер: ғылым, ғылыми мәтін, ғылыми дискурс, әлем бейнесі, ғылыми тіл, әлемнің ғылыми бейнесі, әлемнің ұлттық ғылыми бейнесі.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-149-4-88-101>

Түсті: 23.11.2024; Жөнделді: 13.12.2024; Мақұлданды: 24.12.2024; Онлайн қолжетімді: 28.12.2024

Кіріспе

Ғылыми мәтін кеңістігіндегі әлем бейнесі – ғылыми мәтін жазудағы негізгі мақсаттардың бірі. Ғылыми және ғылыми емес әлем бейнесі жайында алғаш Б. Уорф ой қозғаған. Ғалымның пікірінше, «екі ұғым да әлемге деген көзқарасты білдіреді, екеуінде де әлемді модельдеу жүзеге асады» [1, 347]. Біріншісі ғалымдардың жұмыстары нәтижесі болса, екіншісі – қарапайым халықтың әрекеті. М. Сорока мен И. Булычёв әлемнің

¹ Хат-хабар үшін автор

ғылыми бейнесіне (бұдан әрі - ӘҒБ) берген анықтамасы ойымызды нақтылай түседі: «В научной и философской картине мира повседневность находит свое отражение сквозь призму рационально-теоретической и эмпирической интерпретации» [2, 34]. Ертеректе, ғылым алғаш қалыптаса бастаған заманда ғылыми жаңалықты көркем сөзбен, еркін түрде жеткізсе, бүгінде ғылыми ақпаратты жеткізудің, ғылыми мәтін жазудың кеңістігі айқындалып, өзіндік шекарасы белгіленген. Сол себепті әлем бейнесін ғылым арқылы түсіндіру ғылымға *әлемнің ғылыми бейнесі* ұғымын әкелді. Әрбір адам әлемді өзінше көреді, қабылдайды. Сол сияқты адамдар әлемді әртүрлі түсіндіреді. Кейбірі қабылданған ақпаратты күнделікті тұрмыс-тіршілігінде, қарым-қатынас барысында қолдануы мүмкін. Ал кейбірі оны ғылыми тұжырымдарға сүйене, ғылыми дәлелдемелерін көрсете отырып, келесі қабылдаушыға ұсынуы мүмкін. Ғалым С. Әлісжан әлемнің ғылыми бейнесін (бұдан әрі ӘҒБ) ғаламның ғылыми бейнесі термині арқылы былайша түсіндіреді: «Ғаламның ғылыми бейнесі – ғылыми білімді жүйелеудің формасы, барлық нақты (мұның ішіне гуманитарлық ғылымдар да енеді) ғылымдардың жиынтығы» [3, 13]. ӘҒБ-ны қалыптастыратын тірек ұғым – ғылым. Ғылым – көпшілікке арналған жүйе. Ғылым арқылы көпшілік білім жинақтайды. Сондықтан әрқашан ғылым мен білім қатар жүреді. Ғылымды түсіндіру тіл арқылы жүзеге асады. Тіл арқылы әлемнің көркем бейнесі, ғылыми бейнесі, ақпараттық бейнесі, когнитивтік бейнесі, ұлттық бейнесі және т.б. ашылады. Біздің мақаламызда ғылыми бейне жайында зерттеулер жүргізіледі.

Әлем бейнесі мен ӘҒБ-ні байланыстыратын ұғым – әлемнің тілдік бейнесі. Әлемнің тілдік бейнесі – тілде бейнеленетін әлем туралы білімдердің жиынтығы. М.Шкуропацкая мен У.Даваа сынды ғалымдар тілді былайша сипаттайды: «Язык – форма хранения знаний о мире и средство получения нового знания о мире» [4, 143]. Демек, әлем бейнесін, әлемнің ғылыми бейнесін тануда тілдің маңызы зор. Көп жағдайда әлем тіл арқылы қабылданады, тіл арқылы түсіндіріледі. «Әлем бейнесі – әлемнің тілдік бейнесі – әлемнің ғылыми бейнесі» жүйесі ғылымды игеруге, меңгеруге негіз болып табылады. Бұл мәселе орыс ғалымы Н.Голевтің еңбегінде де айтылған. Ғалымдар бұған қатысты «әлем бейнесі – әлемнің тілдік бейнесі – мәтін» [5, 11] тізбесін түзеді. Бұл тізбедегі мәтін – сөйлеу әрекетінің бөлшегі ғана емес, адамдар арасындағы үздіксіз үдеріс. Сайып келгенде, мәтін – ӘҒБ-де жинақталған құрылым. Демек, мәтін – әлем бейнесі мен әлемнің ғылыми бейнесінің тіл арқылы берілген соңғы формасы. Ал бұл мақалада әлемнің тілдік бейнесі – әлем бейнесі мен ӘҒБ-ны байланыстырушы және ӘҒБ-ны көпшілікке түсіндіруші ұғым. Әлем үздіксіз қозғалыста болады, соған сәйкес оның ғылыми бейнесі де үнемі даму үстінде болады. Тіл осы екі ұғымды бір-бірімен байланыстырып, ғылыми ақпаратты көпшілікке жеткізеді.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысы когнитивті лингвистика бағытында жүргізілді. Нақтылай түссек, мақалада ғылыми мәтін басқа мәтін түрлерінен ерекше болғандықтан, оны зерттеу барысында түрлі ғалымдардың зерттеулері нысанға алынып, жан жақты қарастырылды. Ғылыми мәтіндегі әлемнің ғылыми бейнесін қарастыруда шетел ғалымдары М. Хайдеггер, Б. Уорф, М. Шкуропацкая, У.Даваа, Н. Голев, Н. Шпильная, А. Киклевич, О. Корнилов, Н. Мишанкина, В. Гурина, М. Сорока, И. Булычев, Е. Соколова, С. Ракитина, М.Гутовскаяның, отандық тілтанушылар А. Байтұрсынұлы, Р. Сыздық, Ж.Манкеева, С. Әлісжан, А.Салқынбай, Ш. Құрманбайұлы, Э.Оразалиеваның еңбектері зерттеу жұмысына негіз болды. Жұмыс барысында ғылыми мәтін кеңістігіндегі әлем бейнесі ұлтпен байланыстырылып, тіл мен ұлттың арақатынасы анықталды. Ғылыми мәтіндегі әлемнің ғылыми бейнесі, әлем бейнесі, әлемнің тілдік бейнесімен ұштастырылып, әлемнің ұлттық ғылыми бейнесі ұсынылды. Зерттеу барысында А. Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» еңбегінің «Сөйлем жүйесі мен түрлері» атты үшінші кітабы зерттеу нысаны ретінде алынды. Нәтижеге қол жеткізу жолында А. Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» еңбегі мен «Қазақ грамматикасына» салыстырулар жүргізілді. «Тіл-құралдың» «Сөйлем жүйесі мен түрлері» кітабы танымдық, коммуникативтік және стильдік тұрғыда талданып, талдаулар нәтижесі әлемнің ұлттық ғылыми бейнесін көрсетті.

Мәтіннің дискурстық кеңістігін айқындау ондағы автор танымы мен болжамдарын көрсетумен қатар жаңа ғылыми ақпаратты, тұжырымды, бір сөзбен айтқанда, әлемнің ғылыми бейнесін тануға мүмкіндік береді. Әлемнің ғылыми бейнесі – адам тарихындағы жеке ғылым салалары арқылы жасалатын ғылыми білімнің бүкіл жиынтығы. ӘФБ әлем бейнесі, әлемнің тілдік бейнесі ұғымдарымен тығыз байланыста зерттеледі. Әлем бейнесі – адам дүниетанымының негізінде жатқан дүниенің бейнесі. М.Хайдеггердің пікірінше, әлем бейнесі әлемді көрсеткен бейне емес, бейне арқылы қабылданған әлем [6, 38]. Бұл екі ұғым семантикалық жағынан бір-біріне жақын болғанымен, ерекшелігі де бар. Поляк ғалымы В. Кайтох аталған тізбеге әлемнің дискурстық бейнесін де қосады: «Дискурсивная картина мира, так же, как и языковая картина мира в версии Бартминского, представляет собой дискурсивно профилированную интерпретацию действительности, которую следует представлять в виде набора суждений о мире, о людях, о вещах и событиях» [7, 334]. Ал Варшава университетінің ғалымы А. ДрҮҗаҗска әлемнің тілдік бейнесіне баса назар аударады: «The linguistic worldview is a tool that may meet this challenge» [8, 409]. Ғалымның пікірінше, әлемнің тілдік бейнесі – тіл мен ұлтты біріктіретін ұғым. Адам әлемді әртүрлі қабылдайды, түсінеді, түсіндіреді. Әлемді тану адамның таным-түсінігіне қарай әртүрлі сипатқа ие болады. Ғалым А. Салқынбай «Сөз айтылады. Ойды, сезімді жеткізеді. Сөзде кісінің ішкі болмысы жатады» [9, 11] дейді. Ғылыми еңбектерде әлемнің бейнесін ашуда әлемді танушы адамның танымы мен болмысы басты назарда болатыны айтылып жүр. Ал әлемнің ғылыми бейнесін ашуда адам, яғни автордың рөлі қаншалықты екені осы мақалада сараланады.

Бұл зерттеу жұмысында ғалым А. Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» атты қазақ тілін оқытатын грамматикалық оқулығының 3-і тіл танытқыш кітабының [10] «Сөйлем жүйесі мен түрлері» бөлімі нысанға алынды. Зерттеу барысында ғылыми мәтін кеңістігіндегі әлем бейнесін көрсету мақсатында түрлі зерттеу әдістері қолданылды. Зерттеудің негізгі нәтижелері бақылау, жинақтау, салыстыру, талдау әдістерінің көмегімен жасалды. Бұл зерттеу әдістерінің қолданылуы А. Байтұрсынұлы мәтіндерінің танымдық, функционалдық, коммуникативтік, стильдік және прагматикалық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысында ақпараттың объективтілігін көрсету мақсатында А. Байтұрсынұлы терминдері «Қазақ грамматикасы» [11] еңбегімен салыстырылып, статистикасы ұсынылды.

Талқылау мен нәтижелер

ӘФБ-нің қалыптасу тарихы ғылымның пайда болуымен байланысты. Ғылымда ӘФБ-нің қалыптасу тарихының бірнеше кезеңі бар: біріншісі – әлемнің ғылыми-механикалық бейнесі (Г. Галилей, И. Кеплер, И. Ньютон, О. Кулон, В. Вебер және т.б.), екіншісі – әлемнің биологиялық, физикалық, техникалық бейнесі (М. Фарадей, Л. Больцман, Г. Мендель, Ч. Дарвин және т.б.), үшіншісі – классикалық емес ғылым (Г. Хакен, В. Мандельброт, В. Вернадский, Н. Моисеев және т.б.). Бұл кезеңдердің қай-қайсысы да ғалымдардың ғылыми бейнесі түзген мәтіндері арқылы сипатталады. Кез келген мәтінді оқи отырып, ондағы автордың әлемге деген көзқарасын, әлемді қабылдауын, әлеммен байланысын, әлемді түсіндіруін көреміз. Мәтінді сөйлетуші – автор. Ғылыми мәтін кеңістігіндегі ғылыми әлем де автор арқылы жүзеге асады. А. Салқынбайдың «Адам – кез келген мәтіннің қаһарманы, кейіпкері, субъектісі. Адам – кез келген мәтіндегі жағдаятты, әрекетті туғызушы, жасаушы, бағалаушы, реттеуші, жөндеуші. Мәтіндегі барлық оқиға да, жағдаят та Адамға қатысты, соның айналасында: адамның мінезі, танымы, түсінігі, жағдайы... Мәтіннің авторы – оқиғаны да түзуші де Адам» [9, 12] деген сөздері мәтіндегі автордың орнын анықтай түседі. Демек, әлемнің ғылыми бейнесін тану, қабылдау, түсіну және түсіндіруде (интерпретация) ең әуелі автордың қолданған тілдік бірліктеріне назар аударамыз. Ертеректе мәтінге құрылым ретінде қарасақ, бүгінде мәтінді жазған авторға мән береміз. Автор өзіндік пікірі мен талғамы, танымы мен түсінігі бар субъект болған соң мәтін түзу барысында оның жазу

ерекшелігі бары анық. Мәтіннен автордың танымы ғана емес, сонымен қатар жазу стилі, оқырманға деген қатынасы көрінеді. Сол себепті кез келген ғылыми мәтін кеңістігіндегі әлем бейнесін тануда *таным, стиль, прагматика* ұғымдарының алар орны ерекше.

Ең алдымен, мәтіндегі ғылыми бейнені анықтау үшін автордың танымына назар аударамыз. Себебі мәтінді оқи отырып, біз автордың танымынан хабар аламыз. Қандай да бір ойдың түпкі тамыры танымнан бастау алады. Таным арқылы уәж, ассоциация, болжам тәрізді құбылыстар жүзеге асады. Белгілі бір тілдік бірлік танымдық, психологиялық, философиялық саралаудан өтіп барып ойға айналады. Танымдық тұрғыда әбден сұрыпталған ой коммуникацияның бірлігі ретінде қоршаған ортамен байланысқа түседі. Сол себепті кез келген мәтінді талдауда таным бірінші кезекте қарастырылады. Таным арқылы мәтін кеңістігіндегі ұлт, діл, мәдениет, болмыс көрінеді. Кез келген тілдегі мәтінде сол тіл тиесілі ұлттың коды жинақталады. Қазақ тіліндегі мәтіндерде де солай. Қазақ ғылыми мәтіндерінің авторы көбіне қазақ әрі оның оқырманы да қазақ. Сондықтан ғылыми мәтін, ғылыми тіл мәселесін қозғағанда ұлт тақырыбынан айналып өте алмаймыз.

Екіншіден, ғылыми мәтін кеңістігіндегі әлем бейнесін талдауда стильдің алар орны ерекше. Олай болатыны, ғылыми мәтіннің негізі функционалды стильден басталады. Ғылыми мәтін – ең әуелі ғылыми стильдің зерттеу нысаны. Ғылыми стильдің бізге белгілі бірнеше талаптары бар. Ғалым Ш. Құрманбайұлының ғылым тіліне қатысты айтылған пікірі ойымызды айқындай түседі: «ғылым тілі бірізділікті, нақтылықты талап етеді. Ғылыми мәтінде синонимияға, жарыспалылыққа, көпмағыналылық пен үндесімсіздікке, жүйесіздікке жол берілмейді. Жалпы ғылым тілі бейнелілікті, образдылықты емес, әр ұғымды өз атымен атауды қажет ететін дәлдікті, нақтылықты қалайды. Сол себептен де ғылым тілінің негізін құрайтын терминдердің эмоционалдық тұрғыдан бейтараптық танытып, оларға экспрессияның тән болмауы талап етіледі» [12, 501]. Ғылыми мәтінде еркіндікке, көркемдікке жол берілмейді. Ғылыми мәтіннің кеңістігі айқын. Мәтіндегі ғылыми бейнені көрсетуде әдеби норманы, грамматикалық заңдылықтарды сақтауға, терминдерді орынды қолдануға, автордың ғылыми ақпаратты жеткізу амалдарына мән беріледі.

Үшіншіден, әрбір мәтінде автор мен мәтін, автор мен оқырман, мәтін мен оқырман арасында байланыс болуы керек. Ол байланысты орнататын автор. Мәтіндегі «автор – мәтін – оқырман» жүйесін қарастыратын бағытты тіл білімінде мәтін прагматикасы деп атайды. Ғылыми мәтіндегі әлем бейнесін тануда мәтін прагматикасы негізге алынады. Мәтін прагматикасын зерттеу арқылы оқырманның қабылдауын назарға аламыз. Осы тұста автор мен оқырманның танымына, автордың стиліне қайта оралуға тура келеді. Себебі автор мен оқырман арасындағы байланысты зерттеу кезінде таным мен стильге міндетті түрде тоқталамыз. Бұл, әсіресе, ғылыми мәтінге тән. Себебі ғылыми мәтін – стильге тәуелді мәтін түрі.

Автор ғылыми мәтінді түзуде таным мен стильді ұлтпен сабақтастырса, ұлттық ғылыми тіліміздің іргесін қалауға септігін тигізеді. Ұлттық ғылыми тіл ғылыми мәтін кеңістігіндегі ұлттық әлем арқылы жасалады. Әлемнің ғылыми бейнесі ұлттық формада ұсынылуы қажет. Ғылыми мәтін әлемдік ғылымнан ақпарат берсе де, ол ұлттық тіл арқылы түсіндіріледі. Ғалым Ж. Манкееваның «Тіл – тек коммуникативтік құрал емес, сонымен бірге адам болмысының, оның мәдениетінің көрінісі. Өйткені мәдениет таңба, белгіден тысқары, яғни тілден тысқары өмір сүре алмайды. Адамды түгелдей дерлік таңбалық әлем қоршаған. Өйткені адам болмысының өзі таңбалық, тілдік болмыс. Адам бір мезгілде таңбаны тудырушы да, оны талдаушы да» [13, 126] деген пікірінен тіл мен ұлттың ажырамас ұғымдар екенін көруге болады. Сол себепті ондай мәтіндерде ұлттық таныммен түзілген терминдер, тілдік табиғатымызға негізделіп жасалған грамматикалық заңдылықтар берілгені абзал.

Тілдегі танымды, стильдік ерекшелікті, прагматикалық қатынасты орынды басқаратын ұғым – білім. Әлем жайындағы ғылыми білім белгілі бір халықтың ғылым тілінде бейнеленеді. Ғылыми білім ғылыми ұғымдар мен категориялардың таңбалану

жиынтығымен беріледі. Ғылыми мәтін кеңістігіндегі автор мен оқырманның ғылыми білімі деңгейлес болған жағдайда мәтіннен ғылыми әлем көрінеді.

Мақалада А.Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» еңбегінің «Сөйлем жүйесі мен түрлері» атты үшінші кітабы зерттеу нысаны ретінде алынды. А.Байтұрсынұлының «Тіл-құралы» бүгінгі қазақ терминологиясының негізі әрі қазақ тілтанымы бойынша жазылған тұңғыш ғылыми еңбек ретінде бағаланады. Бұл еңбекте берілген ғылыми ақпараттың басым көпшілігі қазіргі қазақ тіл білімінің ғылыми базасына айналып отыр.

Ғылыми мәтін кеңістігіндегі әлем бейнесін анықтауға мүмкіндік беретін негізгі бірліктердің бірі – терминдер. Ғылыми мәтін ғылыми терминдермен ғылыми сипатқа ие болады. Сол себепті терминдер ғылыми мәтіннің ғылыми аппараты ретінде қарастырылады. А.Байтұрсынұлы жоғарыда аталған еңбегінде жалпы 76 термин қолданған. Оның ішінде 9 бірсөзді, 54 екісөзді, 13 үшсөзді терминдер кездеседі. Бұл терминдердің барлығы ана тіліміздің төл сөздерінен жасалғандықтан, бүгінде оларды ұлттық танымға негізделіп түзілген терминдер деп қарастырамыз. Мысалы: *бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш* тәрізді сөйлем мүшелерінің атауы *бас+та, баян+да, анық+та, толық+та, пысық+та* етістіктері негізінде жасалып, олардың сөйлем ішіндегі қызметін анық көрсетіп тұр. Сонымен қатар салалас және сабақтас сөйлемдерге берілген термин де аталған сөйлемнің қызметі мен ерекшелігін толығымен қанағаттандырады.

Қазақ грамматикасы ең бірінші білім алушыларға арналып жасалады. Білім алушылар ғылыми мәтіндегі әлем бейнесін шетелдік термин арқылы емес, қазақ сөздері арқылы түсіне алатыны анық. Ғалымның синтаксис саласына қатысты қолданған терминдерінің өміршеңдігі қолданыс аясының кеңдігімен де ерекше. Жоғарыда берілген терминдерді 2002 жылы жарық көрген «Қазақ грамматикасымен» салыстыра келе, А. Байтұрсынұлы терминдерінің басым көпшілігі қазіргі қазақ тіл білімінде қолданылатынын анық айтуға болады (1-кесте).

Кесте 1. «Тіл-құрал» мен «Қазақ грамматикасындағы» синтаксис терминдері

№	А.Байтұрсынұлы. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. – Алматы, 2013.	Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.	Пассив терминдер
1	Сөйлем жүйесі	Синтаксис	
2	Сөйлем мүшелері	Сөйлем мүшелері	
3	Бастауыш	Бастауыш	
4	Баяндауыш	Баяндауыш	
5	Толықтауыш	Толықтауыш	
6	Анықтауыш	Анықтауыш	
7	Пысықтауыш	Пысықтауыш	
8	Бұратана сөздер	–	
9	Болымды сөйлем	Болымды сөйлем	
10	Болымсыз сөйлем	Болымсыз сөйлем	
11	Толымды сөйлем	Толымды сөйлем	
12	Толымсыз сөйлем	Толымсыз сөйлем	
13	Жалаң сөйлем	Жалаң сөйлем	
14	Жайылма сөйлем	Жайылма сөйлем	
15	Сұраулы сөйлем	Сұраулы сөйлем	
16	Лепті сөйлем	Лепті сөйлем	
17	Тілекті сөйлем	–	
18	Жай сөйлем	Жай сөйлем	
19	Сөйлем	Сөйлем	
20	Тұрлаулы мүше	Тұрлаулы мүше	

21	Тұрлаусыз мүше	Тұрлаусыз мүше	
22	Бас мүше	–	
23	Баяншы мүше	–	
24	Қосарлы бастауыш	–	+
25	Күрделі бастауыш	Күрделі бастауыш	
26	Қосарлы баяндауыш	–	+
27	Жай баяндауыш	–	
28	Тура толықтауыш	Тура толықтауыш	
29	Мезгіл пысықтауыш	Мезгіл пысықтауыш	
30	Мекен пысықтауыш	Мекен пысықтауыш	
31	Сын пысықтауыш	Сын пысықтауыш	
32	Себеп пысықтауыш	Себеп пысықтауыш	
33	Мақсат пысықтауыш	Мақсат пысықтауыш	
34	Қыстырма сөз	Қыстырма сөз	
35	Қаратпа сөз	Қаратпа сөз	
36	Іргелес сөйлем	–	
37	Құрмалас сөйлем	Құрмалас сөйлем	
38	Сыйысулы құрмалас	–	+
39	Қиысулы құрмалас	–	+
40	Салалас сөйлем	Салалас құрмалас сөйлем	
41	Жиылыңқы салалас құрмалас	–	+
42	Қайырыңқы салалас құрмалас	–	+
43	Айырыңқы салалас құрмалас	–	+
44	Сұйылыңқы салалас құрмалас	–	+
45	Қойылыңқы салалас құрмалас	–	+
46	Сабақтас сөйлем	Сабақтас құрмалас сөйлем	
47	Басыңқы сөйлем	Басыңқы сөйлем	
48	Бағыныңқы сөйлем	Бағыныңқы сөйлем	
49	Бастауыш бағыныңқы сөйлем	–	+
50	Анықтауыш бағыныңқы сөйлем	–	+
51	Толықтауыш бағыныңқы сөйлем	–	+
52	Мезгіл пысықтауышының бағыныңқысы	–	+
53	Мекен пысықтауышының бағыныңқысы	–	+
54	Сын пысықтауышының бағыныңқысы	–	+
55	Себеп пысықтауышының бағыныңқысы	–	+
56	Мақсат пысықтауышының бағыныңқысы	–	+
57	Шартты бағыныңқы	–	
58	Ереуіл бағыныңқы	–	+
59	Ықшамдау	–	
60	Қыстырынды сөйлем	–	+
61	Келтірінді сөйлем	–	+
62	Төл сөз	Төл сөз	
63	Төлеу сөз	Төлеу сөз	
64	Орамды сөйлем	–	
65	Өрнекті сөйлем	–	+

Кестеден көргеніміздей, А. Байтұрсынұлының көптеген терминдері 2002 жылы жарық көрген «Қазақ грамматикасында» кездеседі. Синтаксис саласына тиесілі терминдер саны күннен күнге артып келеді. Себебі ғылым ізденісті қажет етеді. Бүгінгі ақпарат ертеңгі күні жаңа ақпаратпен толығып отырады.

«Қазақ грамматикасының» «Синтаксис» бөлімінде А. Байтұрсынұлының 35 термині нақты сол формасында қарқынды қолданылып жүр. Кейбір терминдердің орын тәртібі, қызметі мен қолданыс аясы өзгертілген. Ғалымның түзген терминдерінің ішінде 20-ға жуығы пассив қолданыста (1-сурет).



Сурет 1. «Тіл-құрал» мен «Қазақ грамматикасындағы» синтаксис саласы терминдерінің қолданысы

Терминдерге назар аударсақ, терминдердің барлығы төл сөзбен жасалған. Ең алғаш терминжасам қағидаттары А.Байтұрсынұлымен түзіліп, оның әрбір терминінен сол қағидаттардың сақталғанын көруге болады. Қазақ терминологиясы қазақтың тілдік бірліктерімен түзілгені қашанда абзал. Бұл ойымызды ғалым Ш. Құрманбайұлының «Қазақ тілінің терминологиялық қорының қалыптасуына негіз болған басты көз ұлт тілінің өз байлығы екендігі сөзсіз. Оның бастауларын әріден, түркі тілдерінен, төл тіліміздің тармақталып дербес даму тарихымен қараған жөн» [12, 303] деген пікірімен нақтылауға болады. Ғылыми мәтіндегі әлем бейнесінде ғылым мен ұлтты бірлікте ұстаудың үлгісі ретінде осы А.Байтұрсынұлының терминдерін көрсетуге болады.

А. Байтұрсынұлының «Сөз жүйесі мен түрлері» бөлімінде тыныс белгілері туралы да айтылады. Ғалымның тыныс белгілеріне берген атаулары тіпті ерекше. Ғалым тыныс белгі терминдеріне қосымша түсіндірме атау беріп, тіл мен танымды, ғылым мен ұлтты сабақтастықта ұстаған. Келесі кестеде аталған еңбекте берілген тыныс белгілер қосымша атауларымен көрсетілген (2-кесте).

Кесте 2. А.Байтұрсынұлының тыныс белгі терминдері

№	Термин	Тыныс белгісі	Қосымша атауы
1	Кіші сызықша	-	Тіркестіру белгісі
2	Үлкен сызықша	—	Жұмақтау белгісі
3	Ноқат	.	Ұлы тыныс
4	Үтірлі ноқат	;	Орта тыныс
5	Теріс үтір	,	Кіші тыныс
6	Қос ноқат	:	Бәшелеу белгісі
7	Сұрау белгісі	?	-
8	Леп белгісі	!	-
9	Көп ноқат	...	Қалдыру, тастау белгісі
10	Қабат үтір	«»	Қабатша қос тырнақ
11	Жақша	()	Қамау белгісі

Көріп отырғанымыздай, ғалым тыныс белгілерін беруде ең алдымен қазақ халқының болмыс-бітімінен, мәдениетінен, ұлттық танымынан хабар беретін тілдік бірліктерді қолданған. Мәселен, қазіргі қазақ тіл білімінде дефиспен сызықша терминдері термин жасам қағидаттарына сай емес деуге болады. Оның себебі, *біріншіден*, бір-біріне ұқсас екі белгінің біреуі төл бірлікпен, екіншісі кірме терминмен берілген. *Екіншіден*, бұл белгілердің қазақ тілінде түзілген нұсқасы бар. Біреуі үлкен, екіншісі кіші сызықпен берілетін дефис пен сызықша таңбаларын А. Байтұрсынұлының терминімен «үлкен сызықша» және «кіші сызықша» деп беру тілді тұтынушы үшін қашанда түсінікті болмақ. Ғылым нақтылықты, жинақылықты талап етеді. Бірінші бағаннан нақтылықты, уәжділікті, тілдік нормаға сай жүйеленген терминдерді көрсек, үшінші бағаннан ғалымның осы терминдердің қызметі мен қолданысына қарай *тіркестіру*, *жұмақтау*, *бәшелеу*, *қамау*, *тастау белгілері* деп халыққа түсінікті тілмен түсіндіргенін аңғарамыз. Сонымен қатар ғалым *ноқат*, *үтірлі ноқат*, *теріс үтір* терминдерін *ұлы тыныс*, *орта тыныс*, *кіші тыныс* деп атау арқылы тыныс белгілердің қолдану деңгейін көрсетеді. Аталған атаулар А. Байтұрсынұлы терминдерінің негізі қазақы танымда, ұлттық мәдениетте жатқанын аңғартады.

Қазақ терминологиясын ұлттық таным негізінде қалыптастыру қағидатын алға қойған А. Байтұрсынұлының қазақ тіл білімі мен әдебиеттану салаларына қатысты терминдері маңыздылығын әлі күнге дейін жоймаған. Себебі ол терминдер, ең алдымен, қазақ халқының болмыс-бітіміне, мәдениетіне, ұлттық танымына сай құрылған болса, екіншіден, ұлттық тіліміздің ғылым кеңістігіндегі орнын танытуда жылдар бойы қызмет еткен терминдер болып саналады. А. Байтұрсынұлының термин түзудегі қағидаттарының бірі термин қалыптастыруда ең алдымен қазақ сөздерін алу екендігін ғалымның өзі жасаған терминдерінен көруге болады. Қай елдің термині болмасын, ол сол елдің тілдік ерекшеліктерінен, мәдениетінен, ділінен, танымынан хабар беруі тиіс. Себебі термин ғылым тілінің бір бөлшегі ғана емес, ол – ұлтты танытушы құралдардың бірі. Ғылым мен ұлт арасындағы алшақтықты жақындату мақсатында түзілген А. Байтұрсынұлының терминдері бүгінгі қазақ терминологиясының озық үлгісі іспеттес.

Сонымен қатар термин – әлемнің ғылыми бейнесін танытушы құралдардың ең негізгісі. Себебі атау, яғни термин ұғым жөнінде тұтас мазмұнды береді (3-кесте).

Кесте 3. А. Байтұрсынұлының синтаксис терминдерінің дефинициясы

Термин	А. Байтұрсынұлының берген анықтамасы	Жасалуы	Басқа тілдердегі атауы
Сөйлем жүйесі	Сөйлем ішіндегі сөздердің басын түсінікті етіп құрастыру, сөйлемдерді түсінікті етіп жасау туралы сөз табиғатынан шыққан түрлі заңдар, тәртіптер бар – қысқасынан айтқанда, өз алдына білерлік толып жатқан білімдер бар. Ол білімдер сөйлем жүйесі деп аталады.	Екі сөздің тіркесуі арқылы жасалған.	<i>Түрік тілі:</i> sözdizimi <i>Қырғыз тілі:</i> синтаксис <i>Татар:</i> синтаксис <i>Башқұрт:</i> синтаксис <i>Түрікмен:</i> sintaksis <i>Орыс:</i> синтаксис <i>Ағылшын:</i> syntax <i>Испан:</i> sintaxis
Сөйлем	Сөйлем дегеніміз – сөздердің басын құрастырып, біреу айтқан ой... Сондықтан ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді, айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық дәрежеде түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады.	Сөз (й) + ле + м	<i>Түрік:</i> cümle <i>Қырғыз:</i> сүйлөм <i>Татар:</i> жөмлә <i>Башқұрт:</i> һөйләм <i>Түрікмен:</i> sözlem <i>Орыс:</i> предложение <i>Ағылшын:</i> sentence <i>Испан:</i> frase

А. Байтұрсынұлының «сөйлем жүйесі», «сөйлем» сынды терминдері мен оларға берілген анықтамаларынан атау мен мазмұнның тұтастығын көреміз. Ш. Құрманбайұлы айтқандай, «терминнің уәжділігі – термин мағынасының ұғынықты, өзі белгілейтін ұғымы жөнінде анық мәлімет беруі» [12, 502]. Термин арқылы мәтіндегі ғылыми әлем туралы ақпарат аламыз. Мысалы: А. Байтұрсынұлының «сөйлем жүйесі» термині синтаксис саласының құрылымы, заңдылықтары туралы тұтас мазмұнды береді. Бұл тұтастық әлемнің ғылыми бейнесін танытады. Әлемнің көптеген тілдерінде «сөз жүйесі» синтаксис деп аталғанымен, түрік тілінде «sözdizimi» деп төл сөздерімен берілген. Төл термин арқылы оқырман тұтас түрік әлемімен танысады. Ал «сөйлем» термині арқылы сөйлемге қатысты ұғымдарды, сөйлемнің басқа құрылымдардан ерекшелігін, сөйлемнің түрлерін түсінеміз. «Сөйлем» – қазақ тілінің грамматикалық заңдылықтарын сақтай отырып жасалған термин. Кез келген тілдік заңдылықтың негізгі ұғымы сөз болғандықтан, синтаксис саласының негізі де – осы сөз. Түркі тілдес тілдердің көбінде сөйлем «сөз» терминінен бастау алып, терминжасам қосымшалары арқылы номинативтілікке ие болған. Түрік тілінде «cümle», қырғыз тілінде «сүйлөм», татар тілінде «жөмлә», башқұрт тілінде «һөйләм», түрікмен тілінде «sözlem» түрінде қолданылып жүрген «сөйлем» термині сол тілдердегі ғылыми әлемді көрсетеді. Сөйлем арқылы сөз, сөйлем, мәтін, сөйлем жүйесі бейнесін танимыз.

Кез келген тілдегі мәтіннен сол тіл тиесілі ұлттың белгісін, сипатын көретініміз анық. Бұл белгілер ғылыми мәтіннен де көрінеді. Ғылыми мәтінде әлемнің бейнесі ұлт арқылы, ұлттық ерекшелік арқылы берілсе, ұлттық ғылым тілі дұрыс бағытта қалыптасады деген ойдамыз.

Ғылыми мәтін жазу барысында тілдік деректер үшін қолданған мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестері де мәтіннің мазмұнын ұлттық деңгейге жеткізеді. Оқырманға тақырыпты түсінікті тілде жеткізу үшін автор бұндай тілдік бірліктерді мысал ретінде пайдаланады. А. Байтұрсынұлының еңбегінде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі негізінде қалыптасқан көптеген мақал-мәтелдер кездеседі. Атап айтсақ: «Асыл тастан, ақыл жастан», «Жығылған күреске тоймас», «Аузы күйген үріп ішер», «Баланы жастан, қатынды бастан», «Көп қорқытады, терең батырады», «Біреу тойып секіреді», «Алыспақ жоқ, атыспақ бар», «Асық ойнаған азар», «Жеті атасын білмеген жетім», «Ер кезегі үш», «Жаман сыйлағанды білмес» және т.б. Автор мақал-мәтелдерді оқырманмен қарым-қатынасты нығайту, ұлттық тілді дәріптеу мақсатында қолданады. Ғалым Р. Сыздықтың «Мақал-мәтелдер де дүниенің ұлттық танымы, ұлттық философиясы» [14, 109] деген пікірі мақал-мәтелдердің ұлттық тіліміздегі орнын нақтылай түседі. Ғылыми мәтінде қазақтың өзіне ғана тән танымымен ұштас мақал-мәтелдердің қолданылуы ғылыми мәтін кеңістігіндегі әлемнің ұлттық бейнесін айқындайды.

Сонымен қатар А. Байтұрсынұлының ғылыми мәтіндерінде жылқыға/атқа қатысты тілдік деректер жиі кездеседі. Мысалы: «Ат шабады»; «Ат тулай берді», «Ат – көлік», «Атшы – кісі», «Осы ат жүйрік», «Атты арман бара жатыр», «Ат арыды, тон тозды», «Ат ерінді келеді, ер мұрынды келеді» және т.б. Қазақ танымында жылқының/аттың орны ерекше. Қазақ халқы үшін жылқы/ат – жеті қазынаың бірі, тазалықтың, парасаттың белгісі. Соған сәйкес қазақ халқының мінезін жылқыға ұқсатқан. Мәтіндегі тілдік бірліктер ұлт танымын танытады деген болжамның объективтілігін осындай мысалдардан анық көруге болады. Кез келген мәтінді ұлттан тыс қалыптастыра алмаймыз. Себебі тіл ұлтқа тиесілі. Тіл ұлттың өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес қалыптасып, толығады. Кез келген мәтінде сол тіл тиесілі ұлттың ұлттық коды болады. Әрбір мәтіннен ұлттық белгіні, ұлттық ерекшелікті, ұлттық танымды, ұлттық қалыпты көреміз. Бұл ӘҒБ-нің әлемнің ұлттық ғылыми бейнесімен ұштасатынын танытады.

Кез келген ғылыми мәтін арқылы белгілі бір ғылым саласы туралы әлем бейнесін көретініміз анық. Себебі ғылыми мәтін ғылыми жаңалыққа, ғылыми ізденіске негізделіп түзіледі. Н. Гребенюк пен С. Гусаренко сынды ғалымдардың «научный текст определяет жизнь языковой системы» [15, 69] деген пікірінен ғылыми мәтін тұтас тілдік жүйені танытатын құрылым екендігін ұғынамыз. Оқырман тіл арқылы әлемнің кез келген бейнесін көреді. Соның ішінде тіл – ӘҒБ-ны жеткізуші құрал.

Олай болса, ғалым А. Байтұрсынұлының сөйлемге қатысты айтқан тұжырымына назар аударайық: «Бастауышы мен баяндауышы бар, екі мүшелі ғана сөйлем жалаң сөйлем деп аталады. Бастауыш пен баяндауыш сөйлемнің тұрлаулы мүшелері, олардан басқа сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері де бар деп жоғарыда айтылды. Бастауыш, баяндауыштан басқа мүшелері бар сөйлем жайылма сөйлем деп аталады» [10, 173].

Мәтінді оқи отырып кез келген оқырман мәтіннің ғылыми стильде жазылғанын түсінеді. Себебі мәтінде грамматикалық заңдылықтар сақталған, әдеби нормамен жүйеленген бірліктер мен көптеген терминдер қолданылған. Мысалдағы *бастауыш, баяндауыш, сөйлем, екі мүшелі сөйлем, жалаң сөйлем, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, жайылма сөйлем* деген терминдер мәтіннің тіл білімі саласына қатыстылығын танытуымен қатар оның ғылыми әлемін көрсетеді. Оқырман мәтіннің тұтас мазмұны арқылы ең әуелі тіл білімі саласы бейнесін көрсе, терминдеріне қарап тіл білімінің синтаксис саласы бейнесімен танысады. Кез келген ғылыми мәтіннің мазмұны арқылы жалпы ғылыми бейнені, жеке тілдік бірліктер арқылы жеке ғылыми бейнені көреді. Жоғарыда берілген мәтіннен жалпы синтаксис саласы бейнесін де, сөйлем бейнесін де, жалаң сөйлем бейнесін де, жайылма сөйлем бейнесін де көруге болады. Ғылыми мәтінде көп мағыналылыққа, синонимияға, жарыспалылыққа, ауыспалы мағынаға жол берілмейтіні анық. Мысалда кездесетін «*екі мүшелі*» немесе «*басқа мүше*» сынды тіркестерді көріп, оқырман оны басқа саланың мәтініне жатқыза алмайды. Олардың саласы контекстен бірден көрінеді. Әрбір сөз, термин және атаудың жасалуында таным маңызды орын алады. Таным арқылы кез келген сөз түзілетіні белгілі. Сол себепті оқырман термин арқылы ғылыми бейнемен бірге ұлттық бейнені, ұлттық бейне мен ғылыми бейненің сабақтастығы арқылы ұлттық ғылыми бейнені көреді. Жоғарыда берілген әр терминнен қазақ халқының танымынан ақпарат аламыз. Қазақтың тілдік қолданысында «*мүше*» сөзі жиі қолданылады. Бұл сөз құрылымы бар ұғымдардың барлығында пайдаланылады. А.Байтұрсынұлы осы сөзді тіл білімі саласында қолданып, бүгінде оларды «*тұрлаулы мүше*», «*тұрлаусыз мүше*», «*екі мүшелі сөйлем*» және т.б. терминдік сипатқа жеткізді. Бұл терминдер, *бір жағынан*, ғылыми стильді түзуге септігін тигізсе, *екінші жағынан*, мәтін кеңістігіндегі ұлттық ғылыми бейнені көрсетеді. Сонымен қатар А.Байтұрсынұлы «*жайыл*» сөзіне «*ма*» жұрнағын жалғай отырып «*жайылма сөйлем*» терминін жасайды. Ғалым жайылма сөйлемге анықтама беріп жайылма сөйлем бейнесін оқырманға ұсынады. Ғылыми мәтіндегі автор берген ғылыми бейнені оқырман көбіне тура солай қабылдайды. Себебі ғылыми мәтінде көркемдеуіш құралдарды қолдануға болмайды. Мәтіндегі термин мен терминге берілген анықтаманың тұтастығы ӘҒБ-ны көрсетеді.

Жоғарыда ұсынылған талдаулар бойынша мынадай нәтижелерге қол жеткіземіз:

- ✓ Мәтіндегі кез келген бейнені түзуші – автор;
- ✓ Мәтіндегі тілдік бірліктер арқылы оның саласын анықтаймыз;
- ✓ Мәтіндегі терминдер арқылы оның ғылыми саласын анықтаймыз;
- ✓ Мәтіндегі тілдік бірліктер арқылы (атаулардан, терминдерден, мысалдардан) әлемнің ұлттық ғылыми бейнесін көреміз.

Қорытынды

Кез келген тіл ұлт арқылы қалыптасып, жетіледі. Себебі тіл – ұлттың бір бөлшегі. Бұл зерттеу жұмысында ғылыми мәтін кеңістігіндегі ӘҒБ әлемнің ұлттық бейнесімен ұштастырылып, «әлемнің ұлттық ғылыми бейнесіне» айналды. Тіл, ғылым, адам ұлтқа тәуелді. Сәйкесінше, ұлт та осы үш ұғымға тәуелді. Ұлттың тілі жойылса, ұлт та жойылады.

Ғалым А. Байтұрсынұлының «Сөйлем жүйесі мен түрлері» еңбегіндегі ӘҒБ-ны талдай келе, келесідей тұжырымдар жасадық: *біріншіден*, мәтін кеңістігіндегі ӘҒБ автордың тілдік қолданыстары аясында анықталады. Тілдік қолданыстар қатарына терминдер, әдеби нормаға бағынған сөздер, анықтамалар, түрлі ғылыми-зерттеу әдіс-тәсілдері жатады. Бұл тілдік бірліктерге концептілік, стильдік, прагматикалық талдаулар жасай отырып, ӘҒБ-ны анықтауға болады. *Екіншіден*, белгілі бір тақырыпты зерттей отырып, сол тақырыптың

ғылыми кеңістігін, белгіленген шекарасын көреміз. Мысалы, ғылыми мәтіннің кеңістігі кең болғанымен, оның шекарасы анық. Ғылыми мәтіннің шекарасы әдеби нормамен, грамматикалық заңдылықтармен, ғылыми терминдермен белгіленген. Талдауға негіз болған «Сөйлем жүйесі мен түрлері» еңбегінің де ғылыми кеңістігі айқын. Яғни зерттеуде қазақ тіл білімінің синтаксис саласына қатысты біраз мәселелерді саралап, талдаулар жасадық. Дегенмен әлем бейнесін анықтаудың бір ерекшелігі: жекеден жалпыға көше аламыз. Синтаксис саласын қарастыру арқылы қазақ грамматикасын зерттеуге мүмкіндік аламыз. Ғылыми білім арқылы ғылыми кеңістікті кеңейтуге жол ашылады. Сол сияқты қазақ грамматикасы арқылы қазақ тіл білімі саласы туралы ғылыми ақпарат жинақтаймыз. Демек, ғылымның зерттеу аясы қаншалықты кең болса, ғылыми мәтіндегі әлемнің ғылыми бейнесін қабылдауымыз, түсінуіміз де кеңейе түседі. Адамның әлем (ғылымның бір саласы, белгілі бір тақырып және т.б.) туралы түсінігі ұлтына сәйкес қалыптасады. Сол себепті бұл мақалада ӘҒБ әлемнің ұлттық бейнесімен сабақтастырылды.

Алдағы уақытта А. Байтұрсынұлының «Тіл-құралы» еңбегінің «Дыбыс жүйесі» және «Сөз жүйесі» тараулары қарастырылып, ондағы автор ұсынған ғылыми бейне талданатын болады. Мәтіндегі ғылыми әлем бейнесін талдау кез келген ізденушіге керек. Себебі мәтіндегі ғылыми бейнеге коммуникативтік, прагматикалық және танымдық талдаулар жасау арқылы оны жүйелі меңгеруге, қабылданған ақпаратты оқырманға сауатты жеткізуге болады. Мәтін талдау, әсіресе, ғылыми мәтінді әлем бейнесі тұрғысынан талдау ғылымның барлық саласына тиесілі. Осыған орай бұл зерттеу жұмысы болашақта өз жалғасын таппақ.

Мүдделер қақтығысы.

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі. Қожахмет А.Қ. – эмпирикалық материалдарды жинақтаумен, әдеби шолу жасаумен айналысты, Хусаинова Л.М. – ғылыми зерттеудің әдіс-тәсілдерін анықтап, жинақталған материалдарды талдаумен айналысты.

Әдебиеттер тізімі

1. Финикова И. Содержательный и функциональный потенциал понятия «языковая картина мира» в современных лингвистических исследованиях // Вестник МГЛУ. Гуманитарные науки. – 2019. – №1(817). – С.342-356.
2. Сорока М., И.Булычев. Проблема структуры научной картины мира // Вестник Пермского университета. – 2015. – №3 (23). – С.32-40.
3. Әлісжан С. Ғылыми дискурстың танымдық негіздері (коммуникативтік-прагматикалық аспект). – Алматы, 2017. – 89 б.
4. Шкуропацкая М., Даваа У. Языковая картина мира как отражение национальной ментальности (на материале зоонимов в русском и монгольском языках) // Сибирский филологический журнал. – 2018. – №2. – С.141-156.
5. Голев Н.Д. Письменная коммуникация новейшего времени: основные векторы развития // Вестник Томского государственного университета. – 2012. – №2. – С.5-17.
6. Ракитина С.В. Когнитивно-дискурсивное пространство научного текста: диссертация на соискание ученой степени доктора филологических наук. – Волгоград, 2007. – 542 с.
7. Kajtoch W. Существует ли текстовая картина мира? // Przegląd Wschodnioeuropejski = East European Review. – 2023. – №1(14). – С.333-348. DOI: <https://doi.org/10.31648/pw.9041>
8. Dryjańska, A. Elementy językowego obrazu świata w nauczaniu języka francuskiego w kontekście filologicznym // Neofilolog. – 2024 – №62/2. – P.409-426. DOI: <https://doi.org/10.14746/n.2024.62.2.5>
9. Салқынбай А. Абай лингвопоэтикасы: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 242 б.
10. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.

11. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 784 б.
12. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы. – Алматы: Сардар, 2014. – 936 б.
13. Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2014. – 640 б.
14. Аккузова А. Антропоэзеттік парадигма: көркем мәтіннің коммуникативтік-прагматикалық әлеуеті (Д. Исабеков шығармаларының негізінде): философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2020. – 168 б.
15. Гребенюк Н.И., Гусаренко С.В. Стилистика русского научного дискурса. – Ставрополь, 2015. – 141 с.

А.К. Кожакмет*¹, Д.М. Хусаинова²

¹№20 средняя школа имени Ш. Айманова, Астана, Казахстан

²Башкирский государственный педагогический университет имени М. Акмуллы, Уфа, Башкортостан

Картина мира в пространстве научного текста

Аннотация. Статья направлена на определение картины мира в пространстве научного текста. В настоящее время научный текст имеет большое значение для развития языка науки и научного знания. Особенно актуальным является усвоение обучающимися научного текста, понимание картины мира в научном тексте. В данной статье научный текст рассматривается в связи с понятиями научной картины мира, языковой картины мира и интерпретируется через систему «картина мира – языковая картина мира – научная картина мира». В статье в качестве языковых данных использованы тексты из третьей книги «Система и виды предложений» учебника А. Байтурсынова «Пособие по языку». Научная картина мира в данной работе анализируется через языковое и отраслевое знание. Языковые единицы, передающие научную информацию в научном тексте (термины, пословицы-поговорки, устойчивые сочетания, литературные слова), проанализированы с познавательной, стилистической и прагматической точки зрения и использованы в определении картины мира в пространстве научного текста. Собраны научные термины из книги «Пособие по языку» «Система и виды предложений» и сопоставлены с терминами из «Казахской грамматики». В качестве особенности научного текста были выделены термины, определения. Проведен анализ места пословиц-поговорок в научном тексте.

Ключевые слова: наука, научный текст, научный дискурс, картина мира, научный язык, научная картина мира, национальная научная картина мира.

A.K. Kozhakhmet*¹, L.M. Husainova²

¹№20 secondary school named after Sh. Aimanov, Astana, Kazakhstan

²Bashkir State Pedagogical University named after M. Akmulla, Ufa, Bashkortostan

The picture of the world in the space of scientific text

Abstract. The article is aimed at defining the worldview in the space of a scientific text. In this study, the scientific worldview is considered in connection with the concepts of universal and linguistic worldviews, and explained through the system of “worldview – linguistic worldview – scientific worldview”. We scrutinize the third part of the textbook by A. Baitursynov Language as a Tool, entitled System and Types of Sentences, as linguistic data. The scientific worldview is studied through the author’s linguistic and background knowledge, and cognitive features. Linguistic units (terms, proverbs, set expressions, literary words), conveying scientific information in the scientific text are subjected to cognitive, stylistic and pragmatic analysis and used to determine the worldview in the space of a scientific text. Scientific terms in the book Systems and types of Sentences are systematized and compared with the terms from the Kazakh grammar textbook. Terms and definitions are specified as a feature of the scientific text. The linguistic analysis of proverbs is carried out to define their role

in the scientific text. The national worldview in the language is explained by means of linguistic data, the interaction of academic language with national language has been considered.

Keywords: science, scientific text, scientific discourse, image of the world, scientific language, scientific image of the world, national scientific image of the world.

References

1. Finikova I. Soderzhatel'nyi i funktsional'nyi potentsial ponyatiya yazykovaya kartina mira v sovremennyh lingvisticheskikh issledovaniyakh [Content and functional potential of the concept of the language picture of the world in modern linguistic studies]. Bulletin MSLU. Humanitarian sciences, 1(817), 342-356 (2019). [in Russian]
2. Soroka M., Bulychev I. Problema struktury nauchnoi kartiny mira [The problem of the structure of the scientific picture of the world]. Bulletin of the Perm University, №3 (23), 32-40 (2015) [in Russian]
3. Aliszhan S. Gylymi diskurstyn tanymdyq negisderi (kommunikativtik-pragmatikalyq aspect) [Cognitive bases of scientific discourse (communicative-pragmatic aspect)] (Almaty, 2017, 89) [in Kazakh]
4. Shkuropatskaya M., Davaa U. Yazykovaya kartina mira kak otrazhenie natsional'noi mental'nosti (na materiale zoonimov v russkom i mongol'skom yazykah) [Linguistic picture of the world as a reflection of national mentality (based on zoonyms in Russian and Mongolian languages)]. Siberian Journal of Philology, №2, 141-156 (2018) [in Russian]
5. Golev N.D. Pismennaia komunikasia noveishego vremeni: osnovnye vektory razvitiya [Written communication of modern times: main vectors of development]. Bulletin of Tomsk State University, №2, 5-17 (2012) [in Russian]
6. Rakitina S.V. Kognitivno-diskursivnoe prostranstvo nauchnogo teksta [Cognitive-discursive space of a scientific text] / dissertation for the degree of Doctor of Philology (Volgograd, 2007, 542 [in Russian]
7. Kajtoch, W. Is there a textual picture of the world? East European Review №1(14), 333-348 (2023). DOI: <https://doi.org/10.31648/pw.9041>
8. Dryjańska A. Elementy językowego obrazu świata w nauczaniu języka francuskiego w kontekście filologicznym. Neofilolog, №62/2, 409-426 (2024). DOI: <https://doi.org/10.14746/n.2024.62.2.5> [in Polish]
9. Salkynbay A. Abai lingvopoetikasy [Abai's linguopoetics]: monograph (Kazakh University, Almaty, 2015, 242 p.) [in Kazakh]
10. Baitursynuly A. Kazak til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh linguistics] (Abzal-Ai, Almaty, 2013, 640 p.) [in Kazakh]
11. Kazak grammatikasy [Kazakh grammar] (Astana, 2002, 784 p.) [in Kazakh]
12. Kurmanbaiuly Sh. Kazak terminologiyasy [Kazakh terminology] (Sardar, Almaty, 2014, 936 p.) [in Kazakh]
13. Mankeeva Zh. Kazak til biliminin maseleleri. [Problems of Kazakh linguistics] (Abzal-Ai, Almaty, 2014, 640 p.) [in Kazakh]
14. Akkuzova A. Antropoozektik paradigma: korkem matinnin kommunikativtik-pragmatikalyk aleueti (D. Isabekov shygarmalarynyn negizinde [Anthropocentric paradigm: communicative and pragmatic potential of the literary text (based on the works of D. Isabekov)]: dissertation for the degree of Doctor of Philosophy (PhD) (Almaty, 2020, 168 p.) [in Kazakh]
15. Grebenyuk N.I., Gusarenko S.V. stilistika russkogo nauchnogo diskursa [Stylistics of Russian scientific discourse] (Stavropol, 2015, 141 p.) [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Қожахмет Айгерім Қожабекқызы – PhD докторант, Ш. Айманов атындағы №20 орта мектеп, Астана, Қазақстан. E-mail: a_kozhakhmet@mail.ru, ORCID: 0000-0002-4993-917X.

Хусаинова Ляйля Мидхатовна – филология ғылымдарының докторы, профессор, М. Ақмулла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университеті, Уфа, Башқұртстан. E-mail: lejla-kh@yandex.ru, ORCID: 0000-0002-7571-8143.

Kozhakhmet Aigerim – №20 secondary school named after Sh. Aimanov, Astana, Kazakhstan. E-mail: a_kozhakhmet@mail.ru, ORCID: 0000-0002-4993-917X.

Khusainova Lyailya – Doctor of Philology, Professor, Bashkir State Pedagogical University named after M. Akmulla, Ufa, Bashkortostan. E-mail: lejla-kh@yandex.ru, ORCID: 0000-0002-7571-8143.

Қожахмет Айгерім Қожабековна – PhD докторант, №20 средняя школа имени Ш. Айманова, Астана, Казахстан. E-mail: a_kozhakhmet@mail.ru, ORCID: 0000-0002-4993-917X.

Хусаинова Ляйля Мидхатовна – доктор филологических наук, профессор, Башкирский государственный педагогический университет имени М. Ақмуллы, Уфа, Башкортостан. E-mail: lejla-kh@yandex.ru, ORCID: 0000-0002-7571-8143.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).